

Садулова Жайнагуль Кемаладиновнаның
«6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан
Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық
мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде) диссертациясының
АНДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын талдауға бағытталған. Қазіргі кезеңде тілдік білім беруге қатысты мәселелер әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулерде айрықша назарға алынып, өзекті ғылыми бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нысаны ретінде еліміздің батыс өңіріндегі көптілді білім берудің тәжірибелік үлгілерін зерделеу аталған мәселенің өңірлік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы Қазақстанның батыс өңіріндегі төрт облысты қамти отырып жүргізілді. Бұл өңірді зерттеу нысаны ретінде таңдау оның географиялық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен айқындалады. Атап айтқанда, аталған аумақ Ресей Федерациясының бес облысымен, сондай-ақ Түрікменстан және Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан Республикасымен шектеседі. Мұндай шекаралық орналасу өңірде көптілділік пен мәдени өзара ықпалдастықтың табиғи қалыптасуына алғышарттар жасайды. Сонымен қатар, мұнай-газ өнеркәсібінің қарқынды дамуы аймақтың әлеуметтік құрылымына, көші-қон үдерістеріне және тілдік жағдаятына елеулі әсер етеді. Өңірдің өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен көпэтносты құрамы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі.

Қазіргі кезеңде тілдік білім беруге байланысты мәселелерге ерекше мән беріліп, көптілділік құбылысы әлемдік білім беру кеңістігінде өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Ғаламдық мәдени әртүрлілік жағдайында халықаралық қатынастар мен кәсіби коммуникацияға қатысу үшін бір немесе екі тілді емес, үш және одан да көп тілді меңгеру қажеттілігі туындауда. Бұл үдеріс белгілі бір қоғамдағы тілдердің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін арттырып, тілдік жағдаяттың қалыптасуына әсер етеді. Мұндай құбылыс тек педагогикалық немесе әдістемелік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге нақты кеңістіктегі этникалық, әлеуметтік, саяси және әлеуметтік-лингвистикалық факторлармен де тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы – көпэтносты мемлекет, сондықтан елдің тілдік кеңістігі де көптілді сипатқа ие. Осы көптілділікті реттеу мен дамыту мақсатында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қабылданып, ол білім беру жүйесінде кеңінен енгізілді. Аталған жоба мемлекеттік тілді – қоғамды біріктіруші негізгі тіл ретінде, орыс тілін – мәдениетаралық қатынас құралы ретінде, ал ағылшын тілін – жаһандық коммуникация тілі ретінде орнықтыруды көздейді. Бұл бағыт елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен

әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға мүмкіндік береді. Дегенмен, көптілді білім беруді енгізу үдерісі бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық қайшылықтарды туындатуда. Бір жағынан, ол мәдени және білім беру кеңістігінің дамуына серпін беретін маңызды фактор болып саналса, екінші жағынан, мемлекеттік тілдің қоғамдық беделіне, ана тілін меңгеру деңгейіне және сапалы білім алуға қолжетімділікке белгілі бір дәрежеде әсер етуде. Сонымен қатар, тілдік тепе-теңдіктің бұзылуы мен тілдік сәйкестіктің әлсіреуі сияқты мәселелер байқалуда. Осыған байланысты Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу – бүгінгі күннің өзекті міндеті болып табылады. Бұл зерттеу аталған қайшылықтардың табиғатын айқындап, олардың себеп-салдарын талдау арқылы тиімді шешу жолдарын ұсынуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көптілді социум жағдайында тілдік әлеуметтену үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеуге және еліміздің білім саясатын жетілдіру тәжірибесін дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты – көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және олардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттер** қойылады:

1. Қазақстан Республикасы тілдік жағдаятындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін табиғи және жасанды қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын ашу арқылы қарастыру және қостілділік пен көптілділіктің Қазақстанның тілдік жағдаятындағы көріністерін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдап, түрлерін анықтау.

2. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік сипаттарын жасау және олардың көптілді білім беру тәжірибесіндегі іске асырылуын айқындау.

3. Көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру үдерісіне әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасап, мектептегі көптілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асырылуының әлеуметтік-лингвистикалық сипатын аша отырып, көптілді білім берудің жоғары оқу орындарындағы ерекшеліктерін айқындау арқылы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздерін жүйелі түрде анықтау.

4. Орта және жоғары білім беру салаларында көптілді білім беру жағдайын Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілді білім берудің статистикалық мәліметтеріне талдау жасау арқылы айқындау, аталған өңір тұрғындарының көптілді білім беру жағдайындағы тілдердің маңыздылығын айқындауға арналған сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, үштілді білім беруді мемлекеттік тіл негізінде іске асыруға арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру – қоғамдағы тілдердің бір-біріне ықпалы мен қолданыс ерекшеліктерін айқындайтын әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылады.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілді білім беруді жүзеге асырудың әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері мен мәселелері.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі. Барлық қаралған мәселелер мен тұжырымдалған міндеттер жалпы тіл білімі теориясы, шетелдік және қазақстандық әлеуметтік лингвистика саласындағы нәтижелер мен жетістіктерді ескере отырып қойылады және шешіледі. Біздің жұмысымызда қазақстандық ғалымдар Б.Х. Хасановтың (1976, 1987, 1989, 1990, 1992, 2006, 2013), А.Е. Карлинскийдің (2011), Э.Д. Сүлейменова (1989, 1992, 2002, 2005, 2011), Ш. Құрманбайұлы (2014), А.О. Тымболова (2009), С.Қ. Құлманов (2022), Б.Ж. Курманова (2001, 2002, 2023), А.Ш. Акжигитова (2013), С.С. Кенжемуратова (2018), А. Утегенова (2020, 2024), Н.Г. Шаймерденова (2002, 2005, 2016), О.Б. Алтынбекова (2006), Н.М. Жанпейісова және Ж.Т. Уталиева (2009), С.Ж. Баяндина (2014), Қ.Т. Өтегенова (2014), А.М. Абасилов, С.А. Асанбаева (2015), және шетелдік әлеуметтік лингвистика саласының зерттеушілері U. Weinreich (1953), A. Martinet (1965, 1975), J. MacNamara (1967), E. Haugen (1972), Л.В. Щерба (1974), В.А. Аврорин (1975), R.T. Bell (1980), Jasone Cenoz, (2001, 2013), D. Zappatore (2003), C. Nitsch (2003), P. Auer (2008), L. Wei (2008, 2011), R. Franceschini (2009), D. Singleton (2011), Л.М. Хусаинова (2015), О.В. Легостаеваның (2014, 2015), С. Vallejo (2018) зерттеулеріне сүйендік.

Зерттеу жұмысының дереккөздері:

1. Қазақстан Республикасында 1999, 2009 және 2021 жылдарда жүргізілген Ұлттық халық санағының және әртүрлі салалық сайттардан алынған статистикалық-сандық деректер.
2. 2021–2025 жылдары 1000 және 826 респондентті қамтыған Қазақстанның батыс өңірінде жүргізілген екі әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелері.

Зерттеу әдістері. Белгіленген міндеттерді шешу үшін сандық және сапалық талдауды ұштастыратын әдістер жиынтығы қолданылды:

1. Теориялық әдістер. Талдау (анализ) әдісі. Көптілді білім беру саясаты мен оның жүзеге асу үдерісін анықтау үшін Қазақстан Республикасының тіл саясатына, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасына, білім беру стандарттарына, орта және жоғары білім беру салаларындағы нормативтік құжаттарға мазмұндық талдау жүргізілді. Бұл әдіс көптілділіктің құқықтық, идеологиялық және педагогикалық негіздерін айқындауға, сондай-ақ оның әлеуметтік контекстін тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

2. Жинақтау, салыстыру әдістері. Әр өңірден алынған деректер мен алдыңғы зерттеулер нәтижелері бір жүйеге келтірілді. Мысалы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы жоғары оқу орындарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытатын топтар мен көптілде оқытатын топтардағы студенттер саны салыстырылып, нәтижелері жинақталып, айырмашылықтары көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде өңірлік ерекшеліктер мен тілдік теңгерімнің өзара байланысы айқындалды.

Қолданылған әдіс алынған деректерді талдау арқылы зерттеудің қорытынды тұжырымдарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Арнайы әлеуметтік-лингвистикалық әдістер: а) әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама (анкета) әдісі арқылы Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарынан 800-ден астам респондент және Ақтөбе өңірі бойынша 1000 респонденттің (оқушы, студент, мұғалім, ата-ана) қатысуы мен қоғамдағы түрлі салаларда қызмет атқарушы тұрғындардың көптілді білім беруге деген қарым-қатынасы, сапасы, қажеттілігі, тілдердің әлеуметтік мәребесі, елдегі тіл саясатына деген көзқарастары, көптілділіктің компоненттері болып табылатын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу деңгейі туралы мәліметтер алынды. Сауалнама нәтижелері көптілді білім берудің қоғамда кеңінен қабылданған құбылыс екенін, алайда оның тиімді жүзеге асуы тілдердің әлеуметтік мәртебесін тең ұстау және тілдік саясатты үйлесімді жүргізу қажеттілігімен тікелей байланысты екенін анықтауға мүмкіндік берді.

4. Зерттеу барысында алынған сауалнама және бақылау нәтижелерін талдау үшін **математикалық және статистикалық өңдеу әдісі** қолданылды. Бұл әдіс деректердің нақтылығын қамтамасыз етіп, зерттеу нәтижелерін сандық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтер SPSS Statistics және Google Forms Analytics бағдарламалары арқылы өңделді. Талдау барысында деректердің пайыздық үлестері (frequency distribution) есептеліп, респонденттердің жауап беру жиілігі мен пропорциялық қатынастары анықталды. Сонымен қатар, алынған мәліметтер бойынша салыстырмалы талдау жүргізіліп, жас ерекшелігі, әлеуметтік мәртебе және тілдік құзырет деңгейі тұрғысынан айырмашылықтар айқындалды. Математикалық және статистикалық әдістерді қолдану зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттырып, көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін сандық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Осы әдістердің кешенді қолданылуы нәтижесінде:

- батыс өңірі тұрғындары арасында қазақ және орыс тілдерінің теңгерімді қостілділік үлгісі орныққан және ағылшын тілі халықаралық коммуникация тілі ретінде біртіндеп күшейіп келетіні анықталды;

- көптілді білім беру саясаты қоғам тарапынан жоғары деңгейде қабылданған, бұл әлеуметтік-лингвистикалық тұрақтылықтың көрсеткіші болып табылады деген тұжырымға келдік;

- көптілді білім беру жүйесінің тиімділігі инновациялық технологияларды қолдану және оқу процесінің интернационалдану деңгейімен тығыз байланысты екені дәлелденді;

- статистикалық және корреляциялық талдау нәтижесінде жас, мамандық, тілдік орта факторлары мен тілдік құзырет арасындағы өзара байланыс эмпирикалық тұрғыда айқындалды;

- өңірлік көптілділік феномені — тілдік саясаттың, әлеуметтік сұраныстың және білім беру реформаларының өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан кешенді құбылыс екені негізделді.

Зерттеу әдістері өзара бірін-бірі толықтыра отырып, көптілділік құбылысын пәнаралық және әлеуметтік контексте кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тіл біліміндегі қазіргі зерттеулерде «көптілділік», «мультилингвизм» және «полилингвизм» терминдерін түсіндіруде кейбір сәйкессіздіктер байқалады. Теориялық әдебиеттерде «полилингвизмнің» толыққанды теориясының болмауына байланысты зерттеушілер қостілділік теориясы мен терминологиясына және типологиясына сүйенуге мәжбүр. Сондықтан да зерттеуімізде «көптілділік» терминін екі тілді де, үш тілді де бірнеше тілді меңгерудің барлық нұсқаларын жинақтайтын категориялық ұғым ретінде қолдандық. Қазақстанның тілдік жағдаятында, соның ішінде батыс өңірде бүгінгі күні қостілділік пен көптілділіктің барлық түрлері бар.

2. Қазақстан Республикасындағы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының қабылдануы көптілділік мәселесін үш тілде тиімді, әлеуметтік теңгерімді коммуникацияны қамтамасыз ете отырып, тепе-тең, үйлесімді және әлеуметтік тұрғыдан тиімді шешуге объективті жағдай жасады. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының лингвистикалық, лингвомәдени және лингвокогнитивті негіздері коммуникативтік оқыту принциптеріне негізделген және білім алушы тілдік білімді ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынастың нақты жағдайында ана тілдерімен мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал ететін танымдық және әлеуметтік-мәдени болмыстарды да меңгереді.

3. Көптілді білім берудің мазмұндық қыры қоғам дамуының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларына сәйкес үнемі өзгеріп отыратын және дамитын динамикалық категория болып табылады. Мектепте мемлекеттік тіл негізінде көптілді білім беруді жүзеге асырудың мазмұндық талаптары мақсатты тілдің оқыту құралы әрі оқыту нысаны ретінде болуы, мақсатты тілді мемлекеттік тілмен немесе қазақтың ұлттық мәдениеті арқылы салыстырмалы-салғастырмалы зерделеу, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, мақсатты тілдерді өзге де мәдениеттер және басқа тіл иелерімен нақты қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану негізінде оларды практикада қолдану, лексика-грамматикалық минимумның көлемін анықтау және бөлінген параметрлерді ескере отырып, оқытылатын тілдің таныстырылатын лексика-грамматикалық ережелерін жеңілдету, мақсатты тілдерде көрсетілген және тілде вербализацияланған тілдік тәжірибе мен өмірді салыстыру дағдыларын дамыту, жаңа тілдерді меңгеру үшін өзіндік базис болып табылатын ана тілінің даму деңгейін ескере отырып, мақсатты тілдер дағдыларын дамыту.

4. Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарында көптілді білім беру алғашқы ұйымдастыру кезеңдерінен өтіп, көптілді білім беруді дамыту бойынша нақты шаралар жүзеге асырылуда. Соның ішінде инновациялық білім беру технологиялары пайдаланылуда, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері шешілуде, білім беру үдерісі интернационалдандырылуда, көптілді білім беру мазмұны (оқу құралдары,

ОӘК және т.б.) толықтырылуда. Сондай-ақ әлеуметтік-лингвистикалық мониторингтің өзекті мәселелері дербес бағыттар ретінде белгіленіп, жан-жақты талданды.

Қазақстанның батыс өңірі (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары) тұрғындарының көптілді білім беру жағдайында тілдердің көзқарасын бағалауын оң деп тұжырымдауға болады. Яғни елдегі тілдік құрылыс пен оны іске асыру тетіктері мен даму үрдістері қоғамда бірауыздан қолдау тауып отыр. Қазақстанның батыс өңірінде мемлекеттік тілді игеруге жағдайлар толыққанды жасалған, сондықтан қазақ тілін білмеу салдарынан қала тұрғындары үшін күрделі мәселелер туындамайды. Бірақ тұрғындар тарапынан мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керектігі арнайы көрсетілген. Батыс өңірі тұрғындары арасында қазақ-орыс, орыс-қазақ көптілділігінің теңгерімді үлгісі қалыптасқан. Әлеуметтік салалардағы көптілділіктің даму динамикасын талдау батыс өңірде қазақ-орыс-ағылшын тілдерінің өзара ықпалы негізінде жаңа тілдік компоненттердің қалыптасып келе жатқанын көрсетті.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Зерттеудің мақсатына сай қазақстандық әлеуметтік-лингвистикалық контексте көптілділіктің теориялық қырлары нақтыланды. Бұл көптілділікті тек тілдік тәжірибе ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Өңірлік және әлеуметтік-мәдени факторларды ескере отырып Қазақстанның батыс өңіріндегі орта және жоғары білім беру жүйесінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызмет етуі мен өзара әрекеттесуінің өзіндік ерекшеліктері айқындалып, алғаш рет эмпирикалық деректер негізінде Қазақстанда көптілді білім беруді жүзеге асырудың тиімділігін нақтылаған әлеуметтік-лингвистикалық критерийлер арқылы: тілді меңгеру деңгейі, тілдік бейімділік, оқушылардың ынтасы мен тұлғалық ерекшеліктері тұрғысынан бағалау жүргізілді. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің басымдық рөлін сақтай отырып, көптілділіктің компоненттерін – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін - тепе-тең дамытуға бағытталған көптілді білім беру моделін жетілдіру бойынша ғылыми тұрғыда негізделген ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірленді.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның білім саласындағы көптілді білім беру ең алғаш рет елдің батыс өңірі материалы негізінде әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан толыққанды зерттеліп, жүйеленуінде. Көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері көптілді білім беру мен оқыту жағдайындағы тілдерді меңгеру әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан талданып, орта білім беру саласындағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық сипаты және қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы көптілді білім берудің ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамалар арқылы батыс өңірдегі көптілді білім беру жағдайы айқындалып, көптілділіктің компоненттері болып саналатын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің тұрғындар үшін атқаратын

коммуникативтік рөлі мен әлеуметтік қызметі нақтыланды. Алынған нәтижелер көптілділік пен көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелеріне арналған теориялық базаны эмпирикалық материалдармен толықтырып, қазақстандық феномен болып табылатын көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық бағытын анықтайды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.

Теориялық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар қостілділік пен көптілділіктің өзара әрекеттесу мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік-лингвистиканың одан әрі дамуына, көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін айқындауға арналған зерттеу жұмыстарына да зор үлесін қосады.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психоллингвистика» пәндерін оқытуда қолданылуымен айқындалады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда көптілді білім беру мен пәндерді оқытуда негізгі құрал бола алады.

Зерттеу апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық, шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: «Қоғамдағы үштілділіктің маңыздылығы мен оның тілдік мәселелері» атты мақала 15.05 2019 жылы Польша мемлекетінде өткен «Europejska Nauka XXI Powieka - 2019» атты XV Халықаралық ғылыми конференцияда (Польша, 15.05 2019. 70-75 бб.) жарық көрді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында үштілдіктің маңыздылығы туралы талқыланды.

2019 жылы Sheffield қаласында өткен «Modern European science» конференциясында «Үштілділік – тілдік қатынас жемісі» атты мақалада Қазақстандағы тіл саясаты, көптілділік жағдайы, тілдік қатынас мәселелері туралы, қазіргі қоғамда үш тілдің — мемлекеттік, ұлтаралық, халықаралық тілдердің бір-бірімен араласып іріктеліп қолданылуы, оның тілдік қатынас жүйесіне әсері көрнекі түрде талданды (Халықаралық ғылыми конференция. Шеффилд қаласы. Ұлыбритания. 30.06 - 07.07.2019 13-18 бб.).

«Қазақстан Республикасындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары». «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. Ақтөбе, 14 сәуір 2025 391-396 бб). Мақалада Қазақстандағы қостілділік пен көптілділіктің қырлары жан-жақты қарастырылған. Зерттеу тілдік құбылыстардың тарихи-теориялық негіздерін (қостілділіктің қалыптасуы, У. Вайнрайх және басқа ғалымдардың ұғымдары), әлеуметтік-лингвистикалық және психоллингвистикалық аспектілерін, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінің өзара әрекетін тұжырымдамалық тұрғыда талданған. Қазақстан контекстінде тіл саясаты мен білім беру жүйесіндегі көптілділіктің мәні ерекше атап өтілген: мемлекеттік тіл – қазақ, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс және халықаралық

байланыс тілі – ағылшын тілдерінің әлемдік аренаға шығуы негіз болатыны сипатталған. Сонымен қатар білім беру кеңістігіндегі көптілділіктің нақты ахуалын айқындау мақсатында тұрғындар, жоғары сынып оқушылары, студенттер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері және түрлі салада қызмет ететін мамандар арасында сауалнама жүргізілді. Алғашқы сауалнамалық зерттеу 2021 жылы жүргізілді, оның мақсаты – Ақтөбе өңіріндегі орта және жоғары білім беру жүйесіндегі көптілділіктің мәселелерін айқындау. Онлайн форматта Ақтөбе облысының 4 ауданында (оның ішінде 2 қазақ тілді және 2 орыс тілді аудан) сауалнама жүргізілді. Оған 1000 респондент қатысты. Сауалнама Google Form арқылы өткізілді. Әлеуметтік-лингвистикалық талдаудың эмпирикалық негізін Ақтөбе облысының тұрғындары арасында жүргізілген сауалнамалық зерттеу құрады, себебі облыс батыс өңірдегі ең ірі өндірістік аймақ болып табылады. Респонденттерді таңдау кездейсоқ жүргізілді, сондықтан сауалнамалық зерттеуге 14 пен 60 жас аралығындағы кез келген тұрғын қатыса алды. Сауалнама нәтижелері білім беру саласында көптілділіктің қазіргі жағдайы мен оған қатысушылардың көзқарасын көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстанның батыс өңіріндегі Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары арасында Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын анықтау мақсатында 826 респонденттен әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама алынды. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде әлеуметтік-лингвистикалық құбылысты зерттеу үшін қарастырылатын барлық әлеуметтік салалар қамтылған. Зерттеу нәтижелері бойынша қатысушылардың көпшілігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерін әртүрлі деңгейде меңгергенін көрсетті. Қазақ тілі күнделікті тұрмыстық және ресми қарым-қатынаста басым қолданылатыны байқалса, орыс тілі мәдениетаралық және кәсіби коммуникацияда жетекші рөл атқарады. Ал ағылшын тілінің маңыздылығы үнемі артып келеді, әсіресе жастар мен білім беру саласында қолданылуы деңгейі жоғары, дегенмен оны еркін меңгеру деңгейі әлі де жеткіліксіз екендігі анықталды. Қатысушылардың көп бөлігі көптілділікті заманауи қоғамның маңызды талабы деп бағалайды. Тілге деген уәждемелік қатынас көбінесе кәсіби даму мен әлеуметтік мәртебемен тығыз байланысты екені байқалды.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына енген екі мақаланың біріншісі, «X Linguae European Scientific Language Journal» журналында ең жоғарғы рейтингті Q1 басылымында «Sociolinguistic aspects of polylinguistic (trilingualism) education in the Western region of Kazakhstan» атты тақырыпта (Volume 16 Issue 2, April 2023 – P. 85-99) жарияланған. Бұл мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырларына жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде сараптама жасалған. Екіншісі: «Forum for Linguistic Studies» ғылыми журналында жоғарғы рейтингті Q2 басылымында «Bilingualism and Multilingualism in Kazakhstan: Sociolinguistic and Educational Perspectives» (Volume 7, Issue 7, July 2025 – P. 785-795) атты тақырыптағы

мақалада Қазақстандағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық және білім беру аспектілері қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қоғам мен білім беру жүйесіндегі қызметі айқындалған. Қазақ тілі мемлекеттік және мәдени бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқаратыны, орыс тілі әлі де кең қолданыстағы коммуникациялық құрал болып табылатыны көрсетілген. Ағылшын тілі жаһандану үдерісінде халықаралық қатынастар мен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтетін фактор ретінде бағаланған. Көптілді білім беру саясаты жастардың тілдік құзіреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететіндігі айқындалған.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Зерттеу жұмысының негізгі бөлімі бойынша 9 жұмыс жарияланды, соның ішінде 2 мақала Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында, 2 мақала республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған мақала:

1. «Sociolinguistic aspects of polylinguistic (trilingualism) education in the Western region of Kazakhstan». X Linguae European Scientific Language Journal Скопус Volume 16 Issue 2, April 2023 – P. 85-99, ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X. DOI: 10.18355/XL.2023.16.02.07 https://www.xlinguae.eu/2023_16_2_7.html

2. «Bilingualism and Multilingualism in Kazakhstan: Sociolinguistic and Educational» Perspectives Forum for Linguistic Studies <https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10172> Vol. 7, Iss. 7, 2025 – P. 785-795. <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/article/view/10172>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. «Білім беру саласындағы үштілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері». «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-журнал. №7/2. 2019 – Б. 311-315.

2. «Реализация технологии CLIL в полиязычном образовании» // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 – № 1 (134) – С. 104-111. URL: <http://rep.enu.kz/handle/enu/3079>

Халықаралық, республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. «Қоғамдағы үштілділіктің маңыздылығы мен оның тілдік мәселелері». «Europejska Nauka XXI Powieka – 2019» XV Międzynarodowej naukowipraktycznej konferencji Халықаралық ғылыми конференция. Польша, 15.05 2019 – Б. 70-75.

2. «Үштілділік – тілдік қатынас жемісі». Modern European science – 2019. materials of the xv international scientific and practical conference. Volume 7 Халықаралық ғылыми конференция. Шеффилд қаласы. Ұлыбритания. 30.06-

07.07.2019 – Б. 13-18.

3. «Үштілділік - жаңа заман талабы» Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық атты республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы Ақтөбе, 2018 – Б. 335-338.

4. «Үштілділіктің қажеттілігі» «Жаңартылған білім бағдарламасы: Қазақ тілі және оны оқыту мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. Ақтөбе, 19 сәуір, 2019 – Б. 353-354.

5. «Қазақстан Республикасындағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары». «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. Ақтөбе, 14 сәуір 2025 – Б. 182-184.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, үш бөлім бойынша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 35 кесте, 12 сурет және 4 қосымшадан тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 148 атау енгізілді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 165 беттен тұрады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің әлеуметтік-лингвистика, психолингвистика сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (актінің өзгертілген күні 01.01.2023).
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы (актінің өзгертілген күні 20.08.2024).
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (актінің өзгертілген күні 01.09.2024).
4. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы.
5. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (актінің өзгертілген күні 14.06.2024).
6. «Жоғары және жоғары оқуорнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді (актінің өзгертілген күні 20.02.2023).

7. «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.